«С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ 8D10102 – «Фармация» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «COVID-19-дан кейінгі кардиомиопатиямен ауыратын пациенттерді емдеудегі фармакотерапиялық және фармакоэкономикалық зерттеулер» тақырыбындағы диссертациялық жұмысты орындаған PhD докторант
Даданбекова Дана Буркитбековнаға
ғылыми кеңесшісі, фармация ғылымдарының докторы, профессор
Датхаев Убайдилла Махамбетовичтың

ПІКІРІ

Даданбекова Дана Буркитбековнаның докторлық диссертация жұмысының ғылыми және әлеуметтік маңыздылығы жоғары, себебі зерттеу нәтижелері денсаулық сақтау саласындағы нақты мәселелерді шешуге бағытталған. COVID-19 пандемиясынан кейін жүрек-қантамыр жүйесінде туындайтын асқынулардың көбеюі аталған тақырыптың ғылыми және практикалық маңызын арттыра түсуде. Осыған байланысты докторанттың жүргізген зерттеу жұмысы денсаулық сақтау жүйесі үшін ерекше құндылыққа ие болып табылады.

Докторанттың зерттеу жұмысының құрылымы мен мазмұны диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді. Диссертацияда қойылған мақсат пен міндеттер толық орындалып, алынған нәтижелер нақты ғылыми қорытындылармен негізделген. Жұмыстың теориялық маңызы COVID-19-дан кейінгі кардиомиопатияны емдеудің жаңа ғылыми деректерін толықтыруымен сипатталса, практикалық маңызы алынған нәтижелерді практикалық тәжірибеде қолдану мүмкіндігімен айқындалады.

Ғылыми-зерттеу жұмысын орындау барысында Дана Буркитбековна өзін жоғары деңгейдегі білікті маман және ізденімпаз зерттеуші ретінде көрсетті. Ол ғылыми ақпараттарды жүйелеу, талдау және қорытындылау дағдыларын толық меңгергенін дәлелдеді. Ғылыми зерттеу әдістерін еркін игеріп, қойылған міндеттерді орындауда дербестік, жауапкершілік және ұқыптылық танытты. Сонымен қатар, докторант ғылыми пікірталастарға белсенді қатысып, өз көзқарасын дәлелді түрде жеткізе білді.

Ізденушінің аналитикалық ойлау қабілеті, ғылыми деректерді жүйелеу және оларды терең талдау дағдылары жақсы қалыптасқан. Сонымен қатар ол жаңа ақпаратты тез меңгеріп, күрделі ғылыми мәселелерді шешуде дербестік пен бастамашылдық, ғылыми деректерді талдау және қорытындылау қабілеттерін көрсете білді.

Қорытындылай келгенде, ізденуші Даданбекова Дана Буркитбековна диссертациялық жұмысты орындау барысында өзін білікті, білімді ғылыми қызметкер ретінде қалыптастырды және бұл оны 8D10102 – «Фармация» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуге лайықты етеді.

Ғылыми кеңесші,
фармация ғылымдарының докторы, профессор _____ Датхаев У.М.

«28» 04 2026 ж.